

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік мұрағат басқармасы арасындағы Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Келісім, Пекин қ., 2006 жылғы 20 желтоқсан

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен
Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік мұрағат басқармасы
арасындағы Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ <*>**

(2006 жылғы 20 желтоқсанда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2007 ж., N 1, 9-құжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік мұрағат б а с қ а р м а с ы ,

мәдени және ғылыми байланыстарды дамытудың маңыздылығын растай отырып,
Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының мұрағаттық мекемелері арасында байланыс орнату ниетін басшылыққа алып,
халықаралық құқық нормалары мен Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес іс-әрекет жасай отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімді іске асыруды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі атынан Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті жүзеге асырады.

Осы баптың 1-азат жолында айтылған құзыретті органның атауы немесе функциясы өзгерген жағдайда қазақстан тарапы ол туралы қытай тарапын дипломатиялық арналар арқылы жедел хабардар етеді.

2-бап

Тараптар екі жақтың мүддесін ескере отырып, мемлекеттік мұрағаттардағы мұрағаттық құжаттарды іздеп табуға, сақтауға, кеңінен пайдалануға жағдай жасайды.

3-бап

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының мұрағаттарында Тараптар мемлекеттерінің тарихы мен мәдениетін зерттеушілерге көмектеседі.

Тараптар өз құзыреті шегінде және өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес зерттеушілердің пайдалануға ашық мұрағат қорлары мен олардың ғылыми-анықтамалық аппараттарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар Ұлттық мұрағат қорларын толықтыру мақсатында өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мұрағаттық құжаттардың, қолжазба мен жәдігерлердің көшірмелерін беруге әзір екендіктерін білдіреді.

5-бап

Тараптар екі жақты шарттар негізінде мұрағаттық құжаттарды жариялау және құжаттық көрмелерін ұйымдастыру жөнінде бірлескен жобаларды жүзеге асырады.

6-бап

Тараптар өз құзыреті шегінде мұрағат ісі саласында өзара ортақ мүддесі бар ақпараттармен, мұрағаттану және ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен алмасуды жүзеге асырады.

7-бап

Тараптар екі жақты шарттар негізінде мұрағат құжаттарын қайта қалпына келтіру цифрлық жеткізгішке түсіру және сақтық қорын жасау бойынша мамандармен алмасуды жүзеге асырады.

8-бап

Тараптар осы Келісімді орындау барысында шығатын шығындарды, егер әр нақты жағдайда басқаша тәртіп келісілмесе, Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында қарастырылған қаражат шегінде көтереді.

9-бап

Тараптар осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша бірлескен кеңестер өткізеді.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіру және қолдану бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар оны кеңестер мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

11-бап

Бұл Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісім қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және үш жылға жасалады, егер Тараптардың бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты осы Келісімнің қолданылуын тоқтатуға кезекті үш жылдық кезеңде кем дегенде үш ай қалғанға дейін өзінің ниеті туралы жазбаша түрде хабарлама жібермесе, Келісім келесі үш жылдық мерзімге ұзартылады.

Келісім 2006 жылғы 20 желтоқсанда Пекин қаласында қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды және барлық мәтіндердің бірдей заңды күші бар.

(Қолдары)